

Сайлау учаскесінің орталығын уақытша ауыстыру туралы

Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімінің 2026 жылғы 25 ақпандағы № 02-03 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 23-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабына сәйкес Жамбыл ауданының әкімі ШЕШТІ:

1. №301 сайлау учаскесінің "Еңбекшіарал ауылындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Еңбекшіарал ауылы, Көкбастау көшесі № 1а мекен-жайында орналасқан орталығын Сарыбай би ауылы, Қарасу көшесі № 20Б мекен-жайында орналасқан "Алматы облысы білім басқармасының Жамбыл ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сарыбай би ауылындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне уақытша ауыстырылсын.

2. Жамбыл ауданының аумақтық сайлау комиссиясы №301 сайлау учаскесінің орталығын ауыстыру туралы ақпаратты сайлаушыларға жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын және Жамбыл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл ауданы әкімі аппаратының басшысы О.Сарсеновке жүктелсін.

Аудан әкімі

Н. Ертас